



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ  
АКАДЕМИЯСЫНА ОҚУҒА

# ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

# 2026

Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару академиясы  
ректорының 2026 жылғы  
« \_\_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_ бұйрығына 1-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға қабылдау ережелері**

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында (бұдан әрі – Академия) білім алушылар контингентін қалыптастыру заңдылықты, жариялылықты және ашықтықты қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Оқуға қабылдау рәсімі бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі болып табылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат көздері есебінен жүзеге асырылады.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Академияға оқуға қабылдау ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Білім туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Академияның Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде Академияда оқуға Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарын қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқуға түсуге арналған конкурсқа мемлекеттік қызметшілер құжаттарды тапсыру сәтінде заңнамада белгіленген зейнеткерлік жас шегінен аспайтын оқудың және кейіннен жұмыспен өтеудің жиынтық мерзімдерін, сондай-ақ олардың мемлекеттік органда тұрақты штаттық лауазымды атқаруын ескере отырып жіберіледі.

5. Мемлекеттік орган тұрақты штаттық лауазымды атқаратын ұсынылатын

мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша Академияға оқуға жібереді.

6. Академия ҚР БҒМ 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері, квазимемлекеттік сектор субъектілері, мәслихаттар депутаттары үшін модульдік оқыту қағидаты бойынша магистратураның білім беру бағдарламалары шеңберінде мынадай бағыттарға сәйкес даярлауды жүзеге асырады:

7M031 Әлеуметтік ғылымдар;

7M041 Бизнес және басқару;

8D031 Әлеуметтік ғылымдар;

8D041 Бизнес және басқару.

7. Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру, конкурстық іріктеуді өткізу және Академияға қабылдау үшін жыл сайын Қабылдау және Конкурстық комиссиялар, сондай-ақ құрамы Академия ректорының бұйрығымен бекітілетін, Функционалдық еңбек өтілін айқындау жөніндегі комиссия құрылады. Қабылдау және Конкурстық комиссиялардың құрамына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және қалалар мен облыстар мәслихаттарының депутаттары, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың, ұлттық және халықаралық компаниялардың, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдері, Академияның қызметкерлері, сондай-ақ халықаралық сарапшылар кіреді.

Қабылдау комиссиясы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға үміткерлерді іріктеу жөніндегі қабылдау комиссиясы туралы ережеге сәйкес бүкіл қабылдау науқаны бойы жұмыс істейді.

Конкурстық комиссиялар магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бөлінісінде құрылады.

Функционалдық еңбек өтілін айқындау жөніндегі комиссия Академия қызметкерлері қатарынан құрылады.

## **2. Құжаттарды қабылдау тәртібі**

8. Магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуға құжаттарды қабылдау Академияның ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

9. Жыл сайын оқуға үміткерлер Академияның ақпараттық жүйесіне 1

сәуірден бастап 1 маусымға (қоса алғанда) дейін тіркеліп, өтініш береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге қаржыландыру көздері есебінен мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері, мәслихат депутаттары үшін модульдік оқыту қағидаты бойынша оқу мерзімі бір жыл магистратура білім беру бағдарламалары бойынша Академияда оқуға құжаттарды қосымша қабылдау 1 қарашадан бастап 27 қарашаға дейінгі (қоса алғанда) кезеңде жүзеге асырылады.

Үміткерлер Академияның ақпараттық жүйесіне тіркеліп, электрондық форматта келесі құжаттарды жүктейді:

1) мемлекеттік қызметшілер үшін мұрағат ісі және құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес жасалған, осы Ережелерге 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік орган берген жолдаманың сканерленген нұсқасы.

Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің – мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жолдамасына сыртқы саяси қызмет саласындағы ведомство аппаратының басшысы қол қоятын жағдайларды қоспағанда, жолдамаға үміткерді атқаратын қызметіне тағайындауға құқығы бар лауазымды адам қол қояды.

2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) қосымшасымен бірге жоғары білім туралы құжаттың (магистратураға түсу үшін) немесе қосымшасымен бірге жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың (докторантураға түсу үшін) сканерленген нұсқасы;

4) шетел азаматтарын қоспағанда, мемлекеттік тілді білу деңгейі B1 деңгейінен төмен емес екенін растайтын QAZAQ RESMI TEST (<https://www.qrt.kz>) немесе ҚАЗТЕСТ (<http://kazakhtest.kz>) сертификаты;

5) докторантура бағдарламалары мен «Халықаралық қатынастар – Master of International Relations», «Мемлекеттік саясат – Master of Public Policy» магистратура бағдарламаларына үміткерлер үшін келесі нәтижелермен Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес ағылшын тілін білу деңгейін растайтын халықаралық сертификаттардың бірі:

магистратураға - IELTS кемінде 4.0 балл, TOEFL IBT кемінде 29 балл немесе TOEFL ITP кемінде 343 балл, TOEIC кемінде 405 балл, Duolingo English Test кемінде 60 балл;

докторантураға - IELTS кемінде 5.5 балл, TOEFL IBT кемінде 46 балл, TOEFL ITP (LEVEL 1) кемінде 417 балл немесе TOEIC кемінде 550 балл, Duolingo English Test кемінде 95 балл.

Ағылшын тілі оқыту тілі болып табылатын шетелдік және отандық жоғары оқу орындарында дәреже алған үміткерлерге осы тармақшаның талаптары қолданылмайды. Бұл ретте Академия қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды сұратады.

б) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері үшін – мемлекеттік қызмет персоналы бойынша бірыңғай автоматтандырылған дерекқордан (ақпараттық жүйеден) алынған не жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған қызметтік тізім; өзге үміткерлер үшін – еңбек қызметін растайтын құжат, сондай-ақ «Мемлекеттік басқару» және «Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламаларына оқуға түсу кезінде басшы лауазымындағы еңбек өтілі;

Функционалдық еңбек өтілінің бар екендігін растауды талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша үміткерлер үшін қосымша – жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған лауазымдық нұсқаулық және құрылымдық бөлімше туралы ереже талап етіледі;

7) докторантура бағдарламаларына үміткерлер үшін – зерттеу жұмысы жоспарының жобасы (research proposal);

8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық өтініш. Шетелдік азаматтар Академияның ақпараттық жүйесінде жасалған өтінішті басып шығарып, оған қол қояды және өтініштің қол қойылған сканерленген нұсқасын жүктейді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде жұмыскерді оқуға жіберетін мемлекеттік орган ұсынылатын деректердің дұрыстығына жауапты болады

10. Үміткер Академияның ақпараттық жүйесінде тіркелу кезінде ұсынылған деректердің дұрыстығы және конкурстан өту жөніндегі талаптармен танысқаны үшін жауапкершілік туралы Пайдаланушы келісіміне, дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімге қол қояды.

11. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде үміткерлер оқуға қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

Шетелдік жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, ғылыми орталықтар мен зертханалар Қазақстан Республикасының азаматтарына – «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасында білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтпей-ақ танылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары, оның ішінде олардың филиалдары, сондай-ақ ғылыми орталықтар мен зертханалар берген білім туралы құжаттар оларда оқуды аяқтаған тұлғаларға тиісті куәлік беріле отырып, Қазақстан Республикасының аумағында танылады.

12. Академия үміткерлердің деректері мен құжаттарының электрондық

сканерленген нұсқаларын үш жұмыс күні ішінде өңдейді. Функционалдық еңбек өтілін айқындау жөніндегі Комиссия бес жұмыс күні ішінде үміткердің еңбек қызметіне байланысты құжаттарды қарайды.

Үміткердің құжаттары осы Ережелердің 9-тармағында көрсетілген талаптарға және білім беру бағдарламасы үшін талап етілетін еңбек өтіліне сәйкес келген кезде үміткердің Жеке кабинетінде өтінішке ЭЦҚ-мен қол қою қажеттілігі туралы өтінім мәртебесі көрсетіледі.

13. Үміткер құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және/немесе қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Академия үш жұмыс күні ішінде үміткерге құжаттарды қабылдау аяқталғанға дейін құжаттарды толықтыру немесе ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлайды.

14. Егер үміткер оқуға түсушілерге қойылатын талаптарға сәйкес келмеген; құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін құжаттарды толықтыру немесе ауыстыру қажеттілігі туралы талапты орындамаған; дұрыс емес ақпарат берген жағдайларда, үміткердің жеке кабинетінде құжаттардың қабылданбағаны туралы өтінімнің мәртебесі көрсетіледі.

### **3. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар**

15. Магистратураның білім беру бағдарламаларына оқуға түсетін үміткерлерге қойылатын негізгі талаптардың тізімі:

15.1. Оқу мерзімі бір жыл өндірістен қол үзіп жүргізілетін магистратураның бейіндік бағыты бойынша «Мемлекеттік басқару – Master of Public Administration» білім беру бағдарламасына:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік қызметшілері және «Б» корпусының А-3, В-3, С-3, С-О-2, D-3, D-О-2, Е-2 санаттарынан төмен емес мемлекеттік қызметшілер, не орталық не облыстық деңгейдегі құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардың басшы лауазымдарын атқаратын немесе Қарулы Күштердің әскери басқару органының немесе әскери оқу орындарының жедел-тактикалық деңгейінен төмен емес басшы лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады. Оқуға түсу үшін мемлекеттік қызмет өтілі кемінде бес жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде үш жыл не орта, ірі кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, халықаралық, шетелдік, трансұлттық ұйымдарда немесе шетелдік мемлекеттік құрылымдарда басшы лауазымдарда кемінде үш жыл болуы талап етіледі;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде тиісті ұйымдарда кемінде бес жыл еңбек өтілі, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде үш жыл еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады.

15.2. Оқу мерзімі екі жыл өндірістен қол үзіп жүргізілетін магистратураның ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша «Мемлекеттік саясат – Master of Public Policy» білім беру бағдарламасына:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде «Б» корпусының А-4, В-4, С-3, С-О-4, С-Р-2, D-3, D-О-3, D-Р-3, Е-3, Е-Р-1 (бөлім басшысы), Е-Р-2, Е-Г-2 санаттарынан төмен емес мемлекеттік қызметшілер, не орталық не облыстық деңгейдегі құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардың басшы лауазымдарын атқаратын немесе Қарулы Күштердің әскери басқару органының немесе әскери оқу орындарының жедел-тактикалық деңгейінен төмен емес басшы лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады. Оқуға түсу үшін мемлекеттік қызмет өтілі кемінде төрт жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде бір жыл не орта, ірі кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, халықаралық, шетелдік, трансұлттық ұйымдарда немесе шетелдік мемлекеттік құрылымдарда басшы лауазымдарда кемінде үш жыл талап етіледі;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде тиісті ұйымдарда кемінде үш жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде екі жыл еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады.

15.3. Оқу мерзімі бір жыл, модульдік оқыту қағидаты негізінде жүзеге асырылатын магистратураның бейіндік бағыты бойынша «Executive MPA – Executive Master of Public Administration – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасына:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде басшы лауазымдарда кемінде екі жыл еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері, мәслихат депутаттары қабылданады.

15.4. Оқу мерзімі бір жыл, модульдік оқыту қағидаты негізінде жүзеге асырылатын магистратураның бейіндік бағыты бойынша «Executive MBA – Executive Master of Business Administration – Іскерлік әкімшілендіру» білім беру бағдарламасына:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдеріне, құжаттарды тапсыру сәтінде басшы лауазымдарда кемінде екі жыл еңбек өтілі бар мәслихат депутаттары қабылданады.

15.5. Оқу мерзімі екі жыл, өндірістен қол үзіп жүргізілетін магистратураның ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша «Халықаралық қатынастар – Master of International Relations» білім беру бағдарламасына:

- Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде мемлекеттік қызмет жүйесінде халықаралық ынтымақтастық саласында кемінде үш жыл функционалдық еңбек өтілі бар немесе «Халықаралық қатынастар», «Халықаралық құқық», «Аударма ісі» немесе «Әлемдік экономика» мамандықтары бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің немесе халықаралық ынтымақтастық саласындағы саясатты қалыптастыру және іске асыру функциялары жүктелген орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде халықаралық ынтымақтастық саласында кемінде үш жыл еңбек өтілі бар немесе «Халықаралық қатынастар», «Халықаралық құқық», «Аударма ісі» немесе «Әлемдік экономика» мамандықтары бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер және мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектордың субъектілерінің өкілдері қабылданады.

15.6. Оқу мерзімі бір жарым жыл өндірістен қол үзіп жүргізілетін магистратураның бейіндік бағыты бойынша «Адами ресурстарды стратегиялық басқару – Master of Strategic Human Resource Management» білім беру бағдарламасына:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде мемлекеттік қызмет саласындағы кадр саясатын қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары немесе мемлекеттік органның персоналды басқарудың тұтас жүйесін қалыптастыру функциялары жүктелген, аталған салаларда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар немесе адами ресурстарды басқару саласындағы мамандығы бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде адами ресурстарды басқару саласында кемінде үш жыл еңбек өтілі бар немесе адами ресурстарды басқару саласындағы мамандығы бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады.

15.7. Оқу мерзімі бір жарым жыл өндірістен қол үзіп жүргізілетін магистратураның бейіндік бағыты бойынша «Өңірлік даму – Master of Regional Development» білім беру бағдарламасына:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде өңірлік даму және/немесе жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту салаларындағы саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары жүктелген, аталған салаларда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың

мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде өңірлік даму және/немесе жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту салаларында кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады.

15.8. Оқу мерзімі екі жыл өндірістен қол үзіп жүргізілетін магистратураның ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша «Экономика – Master of Economics» білім беру бағдарламасына:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде экономика салалары мен қаржы саласындағы саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары жүктелген, аталған салаларда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар немесе экономика және қаржы саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге қаржыландыру көздері есебінен экономика салалары мен қаржы саласында кемінде үш жыл еңбек өтілі немесе экономика және қаржы саласы бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады.

15.9. Оқу мерзімі бір жыл өндірістен қол үзіп жүргізілетін магистратураның бейіндік бағыты бойынша «Цифрлық мемлекеттік басқару – Master of Digital Public Administration» білім беру бағдарламасына:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде цифрландыру, информатизация және жасанды интеллект салаларында саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары жүктелген, кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен цифрландыру, информатизация және жасанды интеллект саласында кемінде үш жыл еңбек өтілі бар немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады.

15.10. Оқу мерзімі бір жыл, өндірістен қол үзіп жүргізілетін магистратураның бейіндік бағыты бойынша «Құқық – Master of Law» білім беру бағдарламасына:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде құқық саласындағы саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары жүктелген, сондай-ақ нормашығармашылық қызметке және нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге қатысатын, аталған салаларда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі болған жағдайда немесе «Құқықтану» немесе «Халықаралық құқық» мамандықтары бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде құқық саласында кемінде үш жыл еңбек өтілі бар немесе «Құқықтану» немесе «Халықаралық құқық» мамандықтары бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады.

15.11. Оқу мерзімі бір жыл, модульдік оқыту қағидаты негізінде жүргізілетін магистратураның бейіндік бағыты бойынша «Өңірлік даму – Master of Regional Development» білім беру бағдарламасына:

– Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде екі жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері және мәслихат депутаттары қабылданады.

15.12. Оқу мерзімі үш жыл, өндірістен қол үзіп жүргізілетін, «Халықаралық қатынастар – Doctor of International Relations» докторантура (PhD) білім беру бағдарламасына:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің не халықаралық ынтымақтастық саласындағы саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары жүктелген орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік қызмет жүйесінде халықаралық ынтымақтастық саласында кемінде бес жыл функционалдық еңбек өтілі және немесе «Халықаралық қатынастар», «Халықаралық құқық» «Аударма ісі» немесе «Әлемдік экономика» мамандықтары бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік қызметшілері болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен халықаралық ынтымақтастық саласында кемінде бес жыл еңбек өтілі бар немесе «Халықаралық қатынастар», «Халықаралық құқық» «Аударма ісі» немесе «Әлемдік экономика» мамандықтары бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады.

15.13. Оқу мерзімі үш жыл, өндірістен қол үзіп жүргізілетін, «Мемлекеттік

басқару – Doctor of Public Administration» докторантура (PhD) білім беру бағдарламасына:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік қызметшілер қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады.

15.14. Оқу мерзімі үш жыл, өндірістен қол үзіп жүргізілетін «Экономика – Doctor of Economics» докторантура (PhD) білім беру бағдарламасына:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде, экономика салалары мен қаржы саласындағы саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары жүктелген, аталған салаларда кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар немесе экономика және қаржы саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен экономика салаларында және қаржы саласында кемінде бес жыл еңбек өтілі немесе экономика және қаржы саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады.

15.15. Оқу мерзімі үш жыл, өндірістен қол үзіп жүргізілетін «Цифрлық мемлекеттік басқару – Doctor of Digital Public Administration» докторантура (PhD) білім беру бағдарламасына:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде, цифрландыру, ақпараттандыру, жасанды интеллект саласындағы саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру жөніндегі функциялары жүктелген, аталған салаларда кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен цифрландыру, ақпараттандыру, жасанды интеллект саласында кемінде бес жыл еңбек өтілі немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады

16. Академия үміткерлерден қойылатын талаптарға сәйкестігін растау үшін қосымша құжаттарды сұратуға, сондай-ақ үміткерлер ұсынған құжаттардың жарамсыздығы және (немесе) мәліметтердің анық еместігі анықталған

жағдайда кез келген кезеңде конкурсқа қатысудан және оқуға қабылдаудан бас тартуға құқылы.

17. Үміткер білім беру бағдарламаларының біріне құжаттар тапсырады және таңдалған бағдарлама бойынша конкурстық рәсімдерден өтеді.

#### 4. Конкурсты өткізу тәртібі

18. Конкурстық іріктеуге Академияның ақпараттық жүйесінде тіркеуден өткен және осы Ережелердің 9-15-тармақтарында көрсетілген талаптарға сай келетін тұлғалар жіберіледі.

19. Академияға оқуға түсуге арналған конкурстық іріктеу келесідей кезеңдерден тұрады:

19.1. оқу мерзімі бір, бір жарым және екі жыл, өндірістен қол үзіп жүргізілетін магистратураның білім беру бағдарламаларына конкурстық іріктеу мынадай екі кезеңнен тұрады:

- 1) аналитикалық эссе жазу;
- 2) сұхбат.

19.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен оқу мерзімі бір жыл, мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері, квазимемлекеттік сектор субъектілері, мәслихаттар депутаттары үшін модульдік оқыту қағидаты бойынша жүргізілетін магистратураның білім беру бағдарламаларына конкурстық іріктеу мынадай екі кезеңнен тұрады:

- 1) аналитикалық эссе жазу;
- 2) сұхбат.

19.3. оқу мерзімі үш жыл өндірістен қол үзіп жүргізілетін докторантураның білім беру бағдарламаларына конкурстық іріктеу төмендегідей үш кезеңнен тұрады:

- 1) зерттеу жұмысы жоспарының жобасын бағалау;
- 2) аналитикалық эссе жазу;
- 3) сұхбат.

20. Академияға оқуға қабылдау туралы шешім конкурстық іріктеудің барлық кезеңдерінен сәтті өткен үміткердің қорытынды бағасы негізінде қабылданады.

Қорытынды баға конкурстық іріктеудің бағалау нәтижелерін, олардың үлес салмағын ескере отырып, жинақтау жолымен алынған балдар жиынтығын білдіреді.

21. Конкурстық іріктеу кезеңдерін өткізу тәртібі осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша конкурстық іріктеу кезеңдерін өткізу технологиясына сәйкес жүзеге асырылады.

## 5. Магистратура мен докторантураға қабылдау тәртібі

22. Конкурс қорытындысы бойынша магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бөлінісінде үміткерлердің жинаған балдары негізінде сараланған тізім жасалады:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша;
- өз қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен.

Конкурстық іріктеуден өткен/өтпеген үміткерлерге оқуға қабылданғаны/қабылданбағаны туралы хабарлама жіберіледі.

23. Конкурстық іріктеуден өткен үміткерлер білім беру бағдарламалары және қаржыландыру түрлері бойынша магистранттар мен докторанттар қатарына алдын ала оқуға қабылданады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурстық іріктеуден өтпеген және магистранттар/докторанттар қатарына қабылданбаған үміткерлер Қабылдау комиссиясы бекітетін, магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бөлінісінде жинаған балдарына сәйкес күту тізіміне енгізіледі.

Магистрант/докторант оқуға қабылдау туралы бұйрық бекітілгеннен кейін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқудан бас тартқан жағдайда, магистрант/докторант Академия басшылығының атына оны оқытуға нақты жұмсалған қаражатты өтеуге келісімін бере отырып, тиісті өтініш береді.

Бос орынға өзге қаржыландыру көздері есебінен магистратура мен докторантура бағдарламаларына қабылданған тұлғаларды қоспағанда, оқу басталғаннан кейін жеті аптадан кешіктірмей, күту тізіміндегі ең жоғары балл жинаған үміткер қабылданады. Аталған тұлғалар күту тізімінен шығарылады.

24. Білім алушылар қатарына қабылдау үшін үміткерлер алдын ала қабылдау туралы бұйрық қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Академияның Қабылдау комиссиясына мына құжаттарды ұсынады:

а. осы Ережелердің 9-тармағында көрсетілген тізімге сәйкес құжаттардың түпнұсқалары;

б. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама;

с. осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес, дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің – мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жолдамасына сыртқы саяси қызмет саласындағы ведомство аппаратының басшысы қол қоятын жағдайларды қоспағанда, жолдамаға үміткерді атқаратын лауазымына тағайындау құқығы бар лауазымды адам қол қойған, лауазымдық жалақысының мөлшерін, санатын және еңбек өтілін көрсете отырып, Академияға оқуға түскен жылдың 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс орнынан анықтама;

д. Тараптар қол қойған, оқуды ұйымдастыруға арналған шарт.

25. Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша оқуға түсуге арналған

конкурстық іріктеуден өткен үміткерлер Академия ректорының бұйрығымен конкурс нәтижелері жарияланған сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей оқуға қабылданады, оның ішінде:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша осы Ережелерде көзделген үшжақты шартқа сәйкес;

- өз қаражаты есебінен осы Ережелерде қарастырылған шарт жасалған жағдайда және шарт талаптарына сәйкес ақы төленген жағдайда;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат көздері есебінен Академияның басқа ұйымдармен жасасқан келісім шарттарына сәйкес осы Ережелерде қарастырылған шарт жасалған жағдайда.

26. Академия білім алушылармен мынадай шарттардың түрлерін жасасады:

- осы Ережелердің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жеке тұлғалардың қаражаты есебінен Академия мен Білім алушы арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (магистратура) білім беру бағдарламалары бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған екіжақты шарттар;

- осы Ережелердің 5 және 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Академия, Білім алушы және аталған тұлғаны Академияға оқуға жіберген мемлекеттік орган арасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (магистратура, докторантура) білім беру бағдарламалары бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған үшжақты шарттар;

- осы Ережелердің 7 және 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Білім алушының қаражаты есебінен Академия, Білім алушы және мемлекеттік орган арасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (магистратура, докторантура) білім беру бағдарламалары бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған үшжақты шарттар;

- осы Ережелердің 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Академия, Білім алушы және аталған тұлғаны Академияға оқуға жіберген заңды тұлға арасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (магистратура) білім беру бағдарламалары бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған үшжақты шарттар;

- осы Ережелердің 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Академия, мемлекеттік қызметшілер үшін модульдік оқыту қағидаты бойынша оқитын Білім алушы мен осы адамды Академияға оқуға жіберген заңды тұлға арасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (магистратура) білім беру бағдарламалары бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған үшжақты шарттар;

- осы Ережелердің 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Академия мен мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері, квазимемлекеттік сектор субъектілері, мәслихаттар депутаттары үшін модульдік оқыту қағидаты бойынша Білім алушы арасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (магистратура) білім беру бағдарламалары бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған екіжақты шарттар.

27. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша білім алушылар қатарына қабылдау Академия ректорының оқуға қабылдау туралы бұйрығынан көшірмемен расталады.

Академияға оқуға түсуге арналған конкурстық іріктеуден өтпеген үміткерлерге тиісті хабарлама жіберіледі.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару  
академиясына  
оқуға қабылдау ережелеріне  
1-қосымша

**Өтінішті ұйымның фирмалық  
бланкінде толтыру қажет**

Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару  
академиясы

## Жолдама\*

\_\_\_\_\_ (қызметкерді оқуға жіберетін мемлекеттік органның немесе ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тұрақты лауазымы, санаты, еңбек өтілі)

магистратураға/докторантураға \_\_\_\_\_

(қажет емесін алып тастаңыз)

бағдарламасы бойынша 1 (бір) жыл /1,5 (бір жарым) /2 (екі) жыл /3 (үш) жыл

(қажет емесін алып тастаңыз)

оқу мерзімі бойынша оқуға жолдайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға  
түскен \_\_\_\_\_ жағдайда

\_\_\_\_\_ (қызметкерді оқуға жіберуші мемлекеттік органның немесе ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_ (оқуға түсушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

магистрлік жоба/магистрлік диссертация/докторлық диссертация шеңберінде \_\_\_\_\_

(қажет емесін алып тастаңыз)

мәселесіне зерттеу жүргізуді тапсырады.

Зерттеу тақырыбы мемлекеттік органның міндеттері мен функцияларына сәйкес келеді.

Үміткер оқуға қабылданған жағдайда Академия, оқуға жіберген мемлекеттік орган/ұйым және білім алушы арасында үшжақты шарт жасасуға кепілдік береміз. Ұсынылған деректердің дұрыстығын растаймыз.

\_\_\_\_\_ (лауазымы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (үміткерді лауазымға тағайындайтын лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

\* Мемлекеттік органның жолдамасына үміткерді лауазымға тағайындайтын лауазымды тұлғаның ЭЦҚ-сымен қол қоюға болады.

## Магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша конкурстық іріктеу кезеңдерін өткізу технологиясы

### 1. Жалпы ережелер

1. Магистратура мен докторантура білім беру бағдарламалары бойынша конкурстық іріктеу кезеңдерін өткізу технологиясы (бұдан әрі - Технология) 2026-2027 оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдауды ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

2. Конкурстық іріктеу 5 маусымнан 19 маусым аралығында Академияның ақпараттық жүйесінде офлайн және онлайн форматтарда жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен оқу мерзімі бір жыл, мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері, квазимемлекеттік сектор субъектілері, мәслихаттар депутаттары үшін модульдік оқыту қағидаты бойынша жүргізілетін магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша үміткерлер үшін қосымша конкурстық іріктеу 1–4 желтоқсан аралығында офлайн және онлайн форматтарда өткізіледі.

3. Конкурстық іріктеуді жүргізу кезінде конкурстық комиссиялар мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) объективтілік - үміткер туралы ол берген жауаптар негізінде бейтарап және тәуелсіз пайымдау, жазбаша жауаптарды бағалау және сұхбат жүргізу кезінде әрбір үміткерге тең көзқарас таныту;

2) әдептілік - үміткерге құрметпен, сыпайылықпен және әдептілікпен қарауды қамтамасыз ету;

3) ашықтық - үміткерді іріктеуді жүргізу кезінде қажетті ақпарат көлемімен қамтамасыз ету.

4. Аналитикалық эссе мен зерттеу жұмысы жоспарының жобасын бағалау үшін құрамы ректордың бұйрығымен бекітілетін сыртқы және ішкі сарапшылардан бағалаушылар пулы құрылады, оның ішінде:

1) аналитикалық эссені бағалау бойынша сарапшылар;

2) зерттеу жұмысы жоспарының жобасын бағалайтын сарапшылар.

5. Сұхбат жүргізу үшін білім беру бағдарламалары бөлінісінде конкурстық комиссиялар құрылады.

Конкурстық комиссиялардың құрамы кемінде 7 адамнан тұрады, ол Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Конкурстық комиссиялардың құрамындағы комиссия мүшелерінің 50%-ы (елу) тұрақты мүшелер болып табылады, оның ішінде төраға, төрағаның орынбасары және техникалық хатшы бар.

Конкурстық комиссиялардың құрамындағы комиссия мүшелерінің 50%-ы (елу) конкурстық іріктеу кезеңін өткізу кезеңіне келісілген кестелерге сәйкес уақытша тағайындалуы мүмкін.

Білім беру бағдарламалары бөлінісіндегі конкурстық комиссиялардың шешімі қатысушылардың жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып саналады.

6. Аналитикалық эссені, зерттеу жұмысы жоспарының жобасын бағалау бойынша сарапшылар және сұхбат жүргізу бойынша конкурстық комиссиялардың мүшелері осы Технологияның А және Б қосымшаларына сәйкес Міндеттеме мен Құпиялылық саясатына қол қоюы қажет.

7. Үміткерлер конкурстық іріктеу кезеңдерінен өту кезінде конкурстық іріктеу кезеңдерінен өту нұсқаулығымен танысады және осы Технологияның В қосымшасына сәйкес Міндеттемеге қол қояды.

8. Үміткер міндеттемелерді бұзған жағдайда жүйе нәтижелерін жойып, конкурс кезеңіне тосқауыл қояды.

Үміткердің іріктеу кезеңдерінен қайта өтуіне жол берілмейді.

## **2. Конкурстық іріктеу кезеңдерін өткізу алгоритмі**

9. Конкурстық іріктеу кезеңдері Ережелердің 19-тармағына сәйкес білім беру бағдарламаларына қарай ерекшеленеді.

Осы кезеңнен қайта өтуге жол берілмейді.

10. Бірінші кезең: аналитикалық эссе жазу.

10.1. Аналитикалық эссе – бұл белгілі бір мәселе бойынша жеке ой-пікірі (ұстанымы) мен талдауын білдіретін еркін жазбаша жұмыс және ол кәсіби қызмет саласынан хабардарлығын анықтауға бағытталуы мүмкін.

Аналитикалық эссе мынадай үш құрылымдық компоненттен тұруы керек:

1) Кіріспе. Кіріспе мәселені нақтылап, өз ой-пікірін (тезисін), дәлелдеуге арналған контекстті жеткізуден тұрады.

2) Негізгі бөлім. Негізгі бөлім өз тезисін түсіндіруден, белгіленген мәселе бойынша ағымдағы жағдайды, қолданыстағы заңнамалық негіздерді, дәлелдемелерді сипаттаудан және дәлелдер келтіруден, мәселені шешу жолдарын ұсынудан тұрады.

3) Қорытынды. Қорытындыда бастапқы ойды (тезисті) түйіндеу бойынша тұжырымдар келтіріледі.

Аналитикалық эссенің көлемі 1000 сөзден аспауы тиіс.

Аналитикалық эссе кестеге сәйкес Жеке кабинет арқылы онлайн форматта жазылады, ол процесс бейнежазбаға жазылады, прокторинг жүйесімен және көшіріп алудың бар-жоғын тексерумен қамтамасыз етіледі.

Аналитикалық эссені жазуды бастамас бұрын үміткер Міндеттемемен танысып, танысқандығы туралы белгі қоюы керек.

Үміткер аналитикалық эссені жазу тілін таңдауы қажет.

Тілді таңдағаннан кейін экранда аналитикалық эссе жазу кезеңінен өту туралы нұсқаулық көрсетіледі.

Танысқаннан кейін «Бастау» батырмасын басу керек, сосын экранда аналитикалық эссе тақырыбы көрсетіледі, оны компьютерлік бағдарлама кездейсоқ тәртіппен автоматты түрде шығарады. Аналитикалық эссе тақырыбы білім беру бағдарламаларының бағыттарына сәйкес келеді.

Тақырыппен танысу мен аналитикалық эссені жазу үшін үміткерге 60 минуттан артық уақыт берілмейді, таймер іске қосылады, ол мәтінді автоматты түрде сақтай отырып, уақыт өткеннен кейін парақшаны жабады. Аналитикалық эссе мәтіні әр 5 секунд сайын автоматты түрде сақталып отырады.

Аяқталуға 10 минут қалғанда ескерту жасалады. Егер жұмыс таймер аяқталғанға дейін аяқталса, жұмысты сақтап, «Аяқтау» батырмасын басып, шығу керек.

Егер үміткер «Аяқтау» батырмасын баспаса да, оның жұмысы автоматты түрде сақталады.

Осы кезеңнен қайта өтуге жол берілмейді.

10.2. Аналитикалық эссені бағалау критерийлері:

1) Білім тереңдігі. Таңдалған дайындық бағдарламасы туралы білімі, кәсіби қызметтегі білімін қолдану, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білу және талдау.

2) Сараптауы (аналитикасы). Дәлелдеу және дәлелдеме келтіру, мәселені шешу бойынша идеяларды синтездеу.

3) Құрылымдылығы, нақтылығы және ықшамдылығы. Құрылымға сәйкес болу, жеткізу стилі, рефлексия.

4) Сауаттылығы. Грамматикалық және стилистикалық қателіктердің болмауы, дәйексөздерді, дереккөздерге сілтемелерді келтіру деңгейі.

10.3. Аналитикалық эссеге сәйкестендіру нөмірі беріледі, ол кездейсоқ тәртіппен бағалау үшін үш сарапшыға жіберіледі. Аналитикалық эссенің қорытынды бағасы үш сарапшының орташа алынған бағасы болып табылады. Сарапшылардың аналитикалық эссені бағалау нәтижелері конкурстық іріктеу кезеңінен өткеннен кейін үш күнтізбелік күн ішінде үміткердің жеке кабинетінде орналастырылады.

11. Екінші кезең: сұхбат.

11.1. Сұхбаттың мақсаты үміткерлердің кәсіби және жеке құзыреттерінің деңгейін, оқуға деген ынтасын, мемлекеттік басқару жүйесінің стратегиялық

және бағдарламалық құжаттарын, нормативтік-құқықтық актілер мен заңнаманы білу деңгейін айқындау болып табылады.

Сұхбат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ауызша жүргізіледі және процесс бейнежазбаға жазылады.

Сұхбат үміткердің жеке кабинетінде көрсетілген кестеге сәйкес офлайн форматта жүргізіледі.

Бір үміткермен сұхбат жүргізу уақыты 15 минуттан аспайды.

Егер үміткер алдына ала белгіленген күн мен уақытта офлайн форматта өтетін сұхбатқа келмесе, бағалау тізімдемесіне (ведомость) оның тегіне қарама-қарсы тұста «келмеді» деген белгі қойылады және ол конкурсқа қатысудан шеттетіледі.

Сұхбаттан қайта өтуге не сұхбаттың алдын ала белгіленген күні мен уақытын өзгертуге жол берілмейді.

11.2. Сұхбатты бағалау критерийлері:

1) Білім тереңдігі. Толық, егжей-тегжейлі, негізделген жауап. Өзінің кәсіби қызметінің бағыты бойынша хабардар болу деңгейі жоғары. Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды терең білу және талдау.

2) Өзін-өзі дамытуға ұмтылу. Нақты білім мен дағдыларды алуға деген ынтасы, бағдарламаны таңдау және Академияға түсу мотивтері, өздерінің күшті және әлсіз жақтарын білу. Оқу аяқталғаннан кейін алынған кәсіби құзыреттерді қолдану перспективалары туралы пайымы (көзқарасы).

3) Стратегиялық ойлау. Саланың ұзақ мерзімді даму үрдістерін түсіну, мүмкіндіктер мен жетістіктің сыни факторларын көре білу. Тәуекелдерді және оларды жеңу жолдарын анықтау. Белгісіздік деңгейі жоғары жағдайларда жұмыс істеу тиімділігі.

4) Коммуникативтік дағдылар (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын). Жүйелілік пен логика, жеткізудегі дәлелділік, негізделген тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар. Өз көзқарасын қысқаша, репрезентативті және толық жеткізе білу. Әңгімелесушіні әңгімеге тарта білу, жақсы әсер қалдыру (өзін көрсете білу қасиеті). Эмоционалды күйін бақылау.

11.3. Сұхбатты конкурстық комиссия мүшелері жеке бағалайды. Сұхбат нәтижелері үміткердің жеке кабинетінде орташа алынған баға түрінде қойылады.

12. Докторантура бағдарламаларына түсетін үміткерлер үшін үшінші кезең: зерттеу жұмысы жоспарының жобасын бағалау.

12.1. Зерттеу жұмысы жоспарының жобасында зерттеудің өзектілігі, сыни талдау, болжамды әдістері және проблеманы/мәселені шешудің ықтимал жолдары баяндалады.

Жоба тек тақырыпты ашу үшін қажетті ақпаратты қамтуы керек, сауатты жасалуы керек, құрылымы қисынды, анық болуы керек;

Зерттеу жұмысы жоспарының жобасы автордың теориялық ұғымдарды, терминдерді, жалпылауды, дүниетанымдық идеяларды білетіндігін және

мағыналы пайдаланатынын көрсетуі, сондай-ақ мәлімделген проблема/мәселе бойынша ұстанымның дәлелін қамтуы тиіс;

Зерттеу жұмысы жоспары жобасының көлемі – мына тілдердің бірінде 1500 сөзден аспайды: қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде.

Зерттеу жұмысы жоспарының жобасы авторға және көшіріп алу дереккөзіне сілтеме жасамай, көшіріп алынған материалды пайдалану/пайдаланбау (плагиат) тұрғысынан міндетті тексеруден өтеді.

Егер сараптамалық қорытындының нәтижелері бойынша зерттеу жұмысы жоспарының жобасы мәтінінің түпнұсқалығы 75%-дан кем болған жағдайда, үміткер конкурстық іріктеудің келесі кезеңдеріне жіберілмейді.

12.2. Зерттеу жұмысы жоспарының жобасын бағалау критерийлері:

1) стратегиялық және сыни ойлау;

2) сандық, вербалды және басқа да ақпаратты талдай білу және зерделенген ақпарат негізінде сараланған шешімдер қабылдай білу;

3) жаңашылдық (инновативтілік) және өзгерістерді басқару (жаңа идеяларды ұсыну, ерекше шешімдерді табу, іс-қимыл нұсқаларын ұсыну);

4) академиялық жазылым талаптарына сәйкестігі, грамматикалық, орфографиялық және стилистикалық қатесіз құрылымдалған жазба (кіріспе, аргументациялық және аналитикалық бөлім, қорытындылар), әдеби дереккөздер дұрыс пайдаланылуы тиіс.

12.3. Зерттеу жұмысы жоспарының жобасына сәйкестендіру нөмірі беріледі, ол бағалану үшін кездейсоқ тәртіппен екі сарапшыға жіберіледі. Қорытынды баға екі сарапшының орташа алынған бағасы болып табылады. Бір үміткердің зерттеу жұмысы жоспарының жобасын екі сарапшы бағалайды.

Зерттеу жұмысы жоспары жобасының нәтижелерін сарапшылар үміткердің жеке кабинетінде қояды.

13. Іріктеу кезеңдерін қорытындылау.

13.1. Конкурстық іріктеу кезеңдерінің қорытындылары бойынша магистратура мен докторантура білім беру бағдарламалары бөлінісінде конкурстық іріктеудің барлық кезеңдерінің балдары жиынтығы бойынша кему тәртібімен сараланған тізім жасалады.

Екі және одан да көп үміткерлердің балдары тең болған жағдайда Қабылдау комиссиясы олардың мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі бойынша критерийлерді басшылыққа алады.

Қабылдау комиссиясының хатшысы Қабылдау комиссиясының қорытынды шешімінің хаттамасын (бұдан әрі – хаттама) дайындауды және үміткерлердің жауаптарының бейне/аудиожазбалары бар файлдарды дайындауды қамтамасыз етеді.

Хаттама Қабылдау комиссиясының отырысы өтетін күні ресімделеді және оған Қабылдау комиссиясының мүшелері мен хатшы қол қояды.

Академияға оқуға қабылдау туралы шешім конкурстық іріктеу кезеңдерінен сәтті өткен үміткердің қорытынды бағасы негізінде қабылданады.

Конкурстық іріктеуге қатысты құжаттар Академияның қызметтік ақпаратына жатады және тек ресми рәсімдер шеңберінде ғана пайдаланылуы мүмкін. Бұл ретте «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес конкурстық комиссия мүшелері мен үміткерлердің дербес деректерін қорғау қамтамасыз етіледі. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл деректерді үшінші тұлғаларға беруге рұқсат етілмейді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға 200 адам, докторантураға 12 адам қабылданады. Өзге қаржы көздері есебінен үміткерлер жинаған балдарына қарай қабылданады, бұл ретте конкурстық комиссияның қорытындылары мен сараптамалық бағалаулар қосымша ескеріледі.

13.2. Қорытынды балдарды есептеу конкурстық іріктеудің барлық кезеңдері бойынша балдардың үлес салмағын ескере отырып жүргізіледі, оның ішінде:

13.2.1. оқу мерзімі бір, бір жарым және екі жыл өндірістен қол үзіп жүргізілетін магистратура білім беру бағдарламаларына:

Іріктеу кезеңдері	Үлес салмағы
Аналитикалық эссе жазу	30%
Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сұхбат	70%

13.2.2. оқу мерзімі үш жыл өндірістен қол үзіп жүргізілетін докторантура білім беру бағдарламаларына:

Іріктеу кезеңдері	Үлес салмағы
Зерттеу жұмысы жоспарының жобасы	25%
Аналитикалық эссе жазу	25%
Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сұхбат	50%

13.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен оқу мерзімі бір жыл мемлекеттік қызметші болып табылмайтын тұлғалар үшін модульдік оқыту қағидаты бойынша жүргізілетін магистратураның білім беру бағдарламаларына:

Іріктеу кезеңдері	Үлес салмағы
Аналитикалық эссе жазу	30%
Қазақ және орыс тілдерінде сұхбат	70%

Магистратура мен  
докторантураның білім беру  
бағдарламалары бойынша  
конкурстық іріктеу кезеңдерін  
өткізу технологиясының  
А қосымшасы

### Міндеттеме

Мен, \_\_\_\_\_

*(тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда))*

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының (бұдан әрі – Академия) аналитикалық эссені/зерттеу жұмысы жоспарының жобасын (research proposal) бағалау жөніндегі сараптау комиссиясының мүшесі бағалау жөніндегі сараптау комиссиясының мүшесі мәртебесіне ешқандай шектеулер жоқ екенін растаймын, сондай-ақ мен өзіме келесі міндеттемелерді қабылдаймын:

- 1) конкурстық іріктеу кезеңін бағалау жөніндегі нұсқаулықпен танысуға;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында оқуға түсуге арналған конкурсты өткізу технологиясымен танысуға;
- 3) бағалауға бөлінген уақытты тиімді пайдалануға;
- 4) мүдделер қақтығысына жол бермеуге;
- 5) бағалауға үшінші тұлғаларды тартпауға;
- 6) өз компьютерімнің техникалық мүмкіндіктері үшін, интернет жылдамдығы кемінде 5 мб/сек және жұмыс істейтін веб-камераның болуы үшін жауапты болуға, осы мәселе бойынша ұйымдастырушыларға наразылық білдірмеуге;
- 7) өзім туралы деректер ақпараттық жүйеде сақталатынына және оларға басқа пайдаланушылар қол жеткізе алатындығына қарсылық танытпауға;
- 8) іріктеу кезеңінде өзге ақпараттың мазмұнын үшінші тұлғаларға жария етпеуге;
- 9) Академияға оқуға түсу үшін конкурстық іріктеуге қатысты жеке және заңды тұлғаларға көрінеу жалған мәліметтер мен ақпаратты таратпауға;
- 10) конкурстық іріктеуді ұйымдастырушыларды өзім туралы мәліметтердегі кез келген кейінгі өзгерістер туралы алдын ала хабардар етуге;
- 11) жұмыс келіп түскеннен кейін үш күнтізбелік күн ішінде үміткерлердің жұмыстарына бағалау критерийлеріне сәйкес бағалауды жүргізуге және нәтижелерді жеке кабинетте қоюға міндеттенемін.

\_\_\_\_\_

*(қолы)*

20\_\_ жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Магистратура мен  
докторантураның білім беру  
бағдарламалары бойынша  
конкурстық іріктеу кезеңдерін  
өткізу технологиясының  
Б қосымшасы

### Құпиялық саясаты

Мен \_\_\_\_\_,  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының (бұдан әрі – Академия) «Сұхбат» конкурстық комиссиясының мүшесі «Сұхбат» комиссия мүшесінің мәртебесіне шектеулер жоқ екенін растаймын, атап айтқанда:

- 1) Академияға оқуға түсуге үміткерлердің жұбайы, жақын туысы (үміткерлердің жұбайларының жақын туысы) емес екенімді;
- 2) үміткерлердің тікелей қарамағындағы адам емес екенімді;
- 3) үміткермен басқа да жеке және кәсіби байланыстарым жоқ екендігін.

Академия үміткерлерін іріктеу рәсімдері барысында маған белгілі болған ақпараттың маңыздылығы мен құпиялылығын түсіне отырып, мен өзіме мынадай міндеттемелерді қабылдаймын:

- Сұхбат жүргізу мен бағалау жөніндегі нұсқаулықпен және Магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша конкурстық іріктеу кезеңдерін өткізу технологиясымен танысуға;
- сұхбатқа бөлінген уақытты тиімді пайдалануға;
- мүдделер қақтығысын болдырмауға, үміткермен қандай да бір байланыстар бар екендігі анықталған жағдайда бұл туралы Қабылдау комиссиясына, Конкурстық комиссияның төрағасы мен төраға орынбасарына хабарлауға және бағалауға;
- бағалауға үшінші тұлғаларды тартпауға/қатыстырмауға;
- сарапшы туралы деректің сақталып, оған басқа пайдаланушылардың қол жеткізу мүмкіндігіне қарсы болмауға;
- маған жүктелген міндеттерді орындауға қатысы жоқ мақсаттарда қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа немесе Академияның қызметтік ақпаратына жатқызылған, маған белгілі болған мәліметті жария етпеуге немесе пайдаланбауға;
- үміткерлер мен олардың мүдделерін білдіретін тұлғалардан сыйақы (несие/қарыз, ақшалай және өзге де сыйақылар, қызметтер, ойын-сауық, демалыс, көлік шығындарын төлеу) алмауға;
- сарапшы ретінде конкурстық іріктеуге қатысатыным жөнінде, оның ішінде әлеуметтік желілерде жария мәлімдемелер мен жарияланымдар жасамауға;
- конкурстық іріктеуді ұйымдастырушыларға конкурстық іріктеуді ұйымдастыру үшін маңызы бар өзім туралы мәліметтегі кез келген кейінгі өзгерістер туралы алдын ала хабарлауға;
- әрбір үміткерді сұхбат аяқталғаннан кейін бірден бағалауға;

– үміткерге сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік беруге, сұхбаттың дұрыс жүруіне кедергі келтіретін әрекеттерді (орнынан тұру, аудиториядан шығу, телефонға қарап, алаңдап отыру, үміткермен сөз таластыру) жасамауға;

– Академияға оқуға түсу үшін конкурстық іріктеуге қатысты жеке және заңды тұлғаларға көрінеу жалған мәлімет мен ақпаратты таратпауға міндеттенемін.

Академия үміткерлерімен сұхбат жүргізу кезінде аудио мен бейне жазбалардың жүргізілуіне және менің бейнемді (визуалды контентті) Академияның оқу процесінде пайдалануға қарсы емеспін.

\_\_\_\_\_  
(қолы)

20\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Магистратура мен  
докторантураның білім беру  
бағдарламалары бойынша  
конкурстық іріктеу кезеңдерін  
өткізу технологиясының  
В қосымшасы

### Міндеттеме

Мен, \_\_\_\_\_

*(тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда))*

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына (бұдан әрі – Академия) оқуға түсуге үміткер, конкурстық іріктеу кезеңдерінен өту барысында маған белгілі болған ақпараттың маңыздылығы мен құпиялылығын түсіне отырып, мынадай ұсынымдарды сақтауға және тыйым сипатындағы әрекеттерді жасамауға міндеттенемін:

- 1) Академияның конкурстық комиссиясының мүшелерімен келіссөздер жүргізбеуге;
- 2) конкурстық іріктеу кезеңдерінің мазмұнын жария етпеуге;
- 3) қабылдау-беру электрондық құрылғыларын (смартфондар, планшеттер және өзге де электрондық жабдықтар), оқу материалдарын және басқа да ақпарат көздерін өзімен бірге алып жүрмеуге және пайдаланбауға;
- 4) онлайн форматта конкурстық іріктеу кезеңдерінен өту кезінде кіріктірілген веб-камерасы, микрофоны бар немесе сыртқы камерасы мен микрофоны қосылған, сондай-ақ Chrome браузері орнатылған дербес компьютердің болуына. *Тұрақты жұмыс істеу үшін Chrome браузерін қосу міндетті болып табылады, ол интернет жылдамдығын кемінде сек. /5 мбит қамтамасыз ете отырып, сапалы байланыс орнатуға мүмкіндік береді (Safari, Internet Explorer, Mozilla және басқа браузерлерді пайдаланбаған жөн, өйткені олар қажетті форматты қамтамасыз ете алмайды);*
- 5) іріктеуден өту парақшасынан шықпауға, ұйымның ақпараттық қауіпсіздік қызметі бұғаттап тастау ықтималдығына байланысты жұмыс орнында желілік интернетті пайдаланбауға, қосымша парақшаларды немесе терезелерді ашпауға, скриншот жасамауға;
- 6) оқу материалдарын және басқа да ақпарат көздерін пайдаланбауға;
- 7) пернетақтаны жылжытпауға, жан-жаққа қарамауға, басты бұрмауға, бұрылмауға, сөйлеспеуге;
- 8) бөгде адамдарды тартпауға;
- 9) басты қимылдатпауға;
- 10) жұмыс үстелінен тұрып кетпеуге, компьютерден алыстамауға.

Академияда конкурстық іріктеуден өту кезінде аудио және бейне жазбаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ менің бейнемді (визуалды контентті) оқу мақсаттарында пайдалануға қарсы емеспін.

Академияға оқуға түсуге арналған конкурсты өткізу технологиясымен таныстым.

\_\_\_\_\_  
(қолы)

20\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару академиясына  
оқуға қабылдау ережелеріне  
3-қосымша

**Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару академиясы**

### АНЫҚТАМА

\_\_\_\_\_ тұрақты лауазымы бойынша жұмыс істейтін

\_\_\_\_\_  
*(тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда))*

берілді, 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша оның  
жалақысы \_\_\_\_\_

теңгені құрайды, мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілі \_\_\_\_\_, санаты \_\_\_\_\_.

\_\_\_\_\_  
*(лауазымы)*

\_\_\_\_\_  
*(қолы)*

\_\_\_\_\_  
*(мемлекеттік орган басшысының тегі,  
аты, әкесінің аты (болған жағдайда))*